

5. Әдеби жәдігерлер. 1-т.: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 504 б.
6. Көшербаев Қ. Әл-Фараби әлемі және қазіргі Қазақстан.//Егемен Қазақстан, №8

ӘОЖ 1751

## МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ – ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУШІ

**Қамбар Карина**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан қ-сы.,Қазақстан Республикасы.

Ғылыми жетекшісі: Мұсабекова Ү.Ә.

**Биыл қазақ халқы үшін атаулы жылдың бірі десек артық айтқандық емес. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген кезеңде жыр жампозы – Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы да қатар келуде. Өлең-сөздің дүлдүлі атанып, қазақ халық поэзиясының бесігінде тербелген тарлан тұлға жайлы қанша дәріптесек те жарасады. Алып ақынның жүз жылға жуық соққан жүрегі елім, жерім деп жырлағаны белгілі. Оның шоқтығы биік, жігерлі шығармалары қазақ әдебиетінде мәңгі мұра болып сақталып қала бермек.**

Жамбыл қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған ұлы тұлға. Ол жыраулардың соңғы тұяғы. Жамбыл тек жырау ғана емес, сонымен бірге жыршы әрі ақын. 19 ғасырдың жыршылық мұрасын жалғастырып, 20 ғасырда да қалың қазаққа көне дастан-қиссаларды, жыраулардың еңбектерін жырлай алған ұлы жыршы. Жамбылды осы ақындық қасиеттері үшін феномен тұлға деуімізге болады. 20 ғасырда қазақты әлемге танытқан Абай, Мұхтар Әуезовпен бірге Жамбыл Жабаевтың да орны айрықша болғанын ұмытпауымыз керек. Гректің Гомері бүкіл еуропалықтардың ең ұлы жырауы болса, жазушы Леонид Соболев оның жыршылығына таңданып, "жиырмасыншы ғасырдың Гомері" деп баға берген. Бабамыздың әдебиет өнеріндегі таланты шынымен де сан қырлы.

2016 жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұйымдастыруымен жыр алыбы Ж.Жабаевтың туғанына 170 жыл толуы құрметіне арналған «Жамбыл Жабаев - Ұлы Даланың алып жыршысы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның пленарлық мәжілісінде сөз сөйлеген қоғам және мемлекет қайраткері, белгілі ғалым, жазушы Мырзатай Жолдасбеков: «Есте жоқ ескі замандардан бергі ел тарихының көркем шежіресін жасаушылар да, оның сақтаушылары да ақын-жыраулар. Ғасырдан ғасырға ұласып, атадан ұрпаққа мирас болып жалғасқан қазақ сөз өнерінің айшықты бір саласын телегей-теңіз жыр тудырған сол ақын-жыраулар құрайды. Қазақ жыраулары тарихты түптен таратып айтатын шежірешілер, миллиондаған жыр жолдарын жадында сақтай алатын құдіреттер, Ұлы даланың көшпелі академиясы. Байтақ қазақ даласын жырға кенелткен, осы бір теңдесі жоқ биік өнерді биікке көтерген даңғыл жыраулардың ең соңғы үздігі Жамбыл. Ол эпик әрі айтыс ақыны, абыз жырау, жауынгер жыршы, шын мағынасындағы заңғар поэзияны жасаушылардың ең ұлысы. Жамбылдың құдіреті асқан шеберлігімен ғана емес, халық поэзиясының бұтақ жайған алып бәйтерегі болуымен де, халық ақындарының жаңа көшін бастаған дарабоздығымен де әлемді таң қалдырған болатын», - деп атап өтті [1,14-15].

Ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың ақындық мұрасын талдап тануға, зерттеп зерделеуге деген құлшыныс қай уақытта болмасын толастаған емес. Ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің бірі де бірегейі, белгілі ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков 20 ғ-дың 70-жылдары Жамбыл туралы бірнеше мақалалар жариялады. Олар: «Жүз

жыл жырлаған жүрек» («Жалын», 1976), «Жыр алыбы» («Соц. Қазақстан», 1976, 29 ақпан) т.б., ал 20-дың 80-90 жылдары мен қазіргі күнге дейін оның қаламынан ақынның шығармашылығы туралы бірнеше кітаптар мен монографиялар жарық көрді [2]. М.Жолдасбеков «Жамбыл және оның ақындық мектебі» деген тақырыпта 1993 жылы докторлық диссертация қорғады. Бұл аталған еңбектерде Жамбылдың ақындық мектебі, дәстүрі және өлеңдерінің көркемдік шеберлігі терең талданған.

Біз ұлы дала жыршысының өмірін, жастық кезеңдерін, дүниетаным көзқарастарын, ақындық өнерге бет бұруының себептерін сөз еткенде әлбетте сол кездегі қоғамдық саяси-ахуал, әлеуметтік жағдайлар секілді маңызды факторларға мән беріп, сонымен байланыста қарастыруымыз керек. XIX ғасырдың орта шенінде Жетісу жері Қоқан хандығы, бір жағы орыс отаршылдарының езгісінде болғаны белгілі. Қараша халыққа өз білген үстемдігін, қатал саясатын жүргізген отаршылдардың екі жақтағы зорлық-зомбылығына, шапқыншылығына шыдамаған ел өз жерінде ары-бері үдере көшіп жүрді. Сондай бір көш кезінде Ханжамбыл тауларының етегінде 1846 жылы Жамбыл дүниеге келеді. Жамбыл шығармашылығы, оның ақындық құдіреті мен мектебін зерттеу мәселесімен ширек ғасыр бойы үздіксіз айналысып келе жатқан белгілі ғалым М. Жолдасбеков: «Жамбыл дүниеге келген шақта керең дүние кедейдің үнін естімеуші еді. Қыспаққа төзе алмаған халық алым-салықтан бас тартты, азаматтар атқа қонды. Саурық, Сұраншы, Андас, Сарыбай ел ішінен қол жинап, Қоқан ханының Жетісуға сайланған бегі Қанатшаға қарсы күреске шықты. Халықты біріктіруде аталған батырлардың еңбегі зор болды. Міне, Жамбыл осындай қарбалас кезеңде, аласапыран қыспақ заманда дүниеге келген», – деп жазады. [3, 123].

Жамбыл секілді сыншыл, шыншыл ақындар шындықты айтып, ел тілегін жарқын жырлауға қанша тырысқанымен, саяси-экономикалық үстемдік басым жағдайда ол ақынды толық еркіндікке жібермейді. Шындықты өздерінің мүдделеріне сай бұрмалап айтқызуға тырысады. Мұндай трагедиялы жағдайда нағыз турашыл деген ақындардың өзі де амалсыздан екіжақтылыққа, жалтақтыққа салынады. Өмір шындығын терең жырлауға тырыса отырып, үстемдік құрып тұрған идеологияның құрсауынан шыға алмай, шығармашылық қайшылыққа ұшырайды. Осындай екіжақтылық, аянышты халді атақты Шернияз ақын өлеңдерінде кездеседі. Бір жағынан Баймағамбет сұлтанды өлтіре сынаса, енді бірде оның мақтауын асырады. Мұндай идеялық қайшылық Жамбылдың қырғыздың манабы Шәбденге, найман елінің атақты байы Сырттанға арналған өлеңдерінде, Құлмамбетпен, Сарбаспен, Шашубаймен айтыстарында да ұшырасып қалады. «Өлең кірген түсіне, Жөргегінде мен болам», «Домбыраны қолға алам» деп жырлаған Жамбыл әуелгі бастан-ақ өзінің өмірлік мақсатын, арманы мен мүддесін айқындап алған. Жамбыл мұрасын зерттеушілердің пікірінше, Жамбыл нағыз ақын ретінде жиырма жасында танылған. Ақындық ірі табыстарға дәл осы жасынан бастап қол жеткізген. Жиырмадан асқан соң, ел арасына жиі шығып, ақындық өнерінің көкжиегін кеңейтуге мықтап кіріседі. Жамбылдың Айкүміспен айтысуы, Бақтыбаймен кездесуі, Бөлектің қызы Сарамен сөз қағыстырулары сол жиырмадан асқан шағын өткен. Әрине бұларды ел алдындағы ірі айтыстар деуге келмесе де, Жамбылдың өзін үлкен ақындық жолға біржола түсуге дайындаған, ақындық өнерін жетілдіруге, дамытуға, одан әрі ұштай түсуге бағыттаған өрлеу жолындағы қадамдары болғандығы сөзсіз. Ж. Жабаевтың күйшілік өнері хақында да көпшілігіміз біле бермейміз. Деректерге сүйенсек, ақын елуге жуық халық күйлерін шебер орындайтын болған. Әйгілі «Ақсақ құлан», «Көрұғлы» күйлерінің тарихына байланысты аңыздарды жырмен айтатын болған. Тіпті «Көрұғлы» күйі мен «Көрұғлы» эпосын бір-бірімен сабақтастырып қатар орындаған. Күй мен жырды алма-кезек орындай отырып, екеуіне де өз тарапынан өзгерістер енгізіп, өз жанынан тың сюжеттік желілер қосып, толықтырып отырған.

Ақынның шын шабыттан туған шырайлы өлеңдері, құнарлы да тағлымды толғаулары соның кепілі. Жамбыл поэзиясының көркемдік әлемін М.Жолдасбеков және басқа ғалымдар мен

қайраткерлер өте жоғары бағалап, Жамбыл туындыларын әр қырынан алып талдайды. Халықтық поэзияның алыбы болып, жаңғырған жастықтың мол сұлу жырларын талай әсем сөз, әдемі аңыз болуға татиды. М.Әуезов: «Жамбыл ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау, бет-бейнелі, аса зор тұлға. Оның бір өзі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны». Ғ.Мүсірепов: «Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алды да – феномен сирек кездесетін себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай отырған сыр. Әсіресе, тоқсан жаспен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес. Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны феномен болса, ақындығының қайта шырқай кеткендігін феникс арқылы теңеуге болады» [4,502].

Міне, Жамбыл шығармашылығына деген құрмет осы емес пе? Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсенбай Кенжебаев: «Жамбыл поэзиясының ерекшелігі – ол жігерлі, жалынды, саяси лирикалық жыр. Ақын мейлі тарихи әңгімені сөз етсін, мейлі табиғат көріністерін суреттесін, мейлі үй-іші, отбасы, сүйіспеншілік мәселесін жырласын, мейлі әлеуметтік тұрмысты, іс-оқиғаларды жырласын – бәрін де өзінің ойы, сезімі, үміті, ішкі дүниесі, сыры етіп жырлайды», – деп ерекше бағалайды. «Жамбыл туындылары бейнелілігімен сөздік құрылымы мен образдың жарқындығымен төгіліп тұрған тіл көркемділігімен авторын танытып тұрады. ... Жамбыл сөз өнерінің көркін жаңа заман шындығын суреттеуге шебер пайдалана білген ақын. Халық поэзиясы Жамбыл жырын көркемдік биікке көтерді» - деп жазады академик С.Қирабаев [5,9].

М.Жолдасбеков ұзақ жылдарғы ізденістері арқылы ел ардағына айналған, өлең жырдың биік белесіне көтерілген Жәкең – Ж. Жабаевтың ғажайып ғұмырын, айрықша дарыны мен даналығын, ой мен сөздегі шебер де шешен, сергек те серпінді сипаттарын терең танып-талдап, жан-жақты ашып, тамыршыдай тап басып көрсетеді. Мұның бәрінен, әрине Ж.Жабаевтың өнегелі өмірінің өрнекті тұстары, дарын даралығы мен даналық қырлары кең көлемде көрініс береді. Оның үстіне өрісті өнердің көркем көкжиектері, өлең-жырдың жауһардай жарқыраған, самаладай сәулелі сәттері де қалың көпшілікке кедергісіз жетіп, ондағы ұлттық-тарихи арналар әдеби-мәдени құндылықтарымен, рухани әсер-ықпалымен қалың көпті, жыр-сүйер барша қауымды қалтқысыз баурап келеді [6, 129-130].

Ж.Жабаевтың ақындық қуаты, талант табиғаты, өмірдегі орын-үлесі, өнердегі өріс-өнегесі өте мол. Ол – өмірде ұзақ жасаудың, өнерде мәңгілік қалудың да үлгі өнегесін көрсетті.

Жамбыл жырларының халықтар жүрегінен өшпес, өлмес орын алуы — оның ұлылығының белгісі. Сондықтан да армян ақыны А. Геворк [7; 5]:

*Сенің жсырың — миллионның, өз жсыры,*

*Сенің тілің — миллионның өз тілі,*

*Сенің жсырың жатталады*

*Бүкіл совет елінде.*

*Мәңгі-мәңгі сақталады*

*Бақытты Отан төрінде»,* — деп жазды.

«Жамбыл жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі», — деп толғанған екен кезінде даңқты жазушы Сәбит Мұқанов.

Бұл сөздер – ақын өмірі мен шығармашылығына, оның ғасыр жасаған, ерлікке толы поэзиясына берілген әділ баға, біздер үшін мән-мағынасын ешқашан жоймайтын құнды деректер. Ұрпақтары барда ұлы ақын жыры ғасырдан ғасырға жасай береді.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Жамбыл Жабаев – Ұлы даланың алып жыршысы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары (Алматы қ., 25 ақпан 2016 жыл).- Алматы, 2016.-426-бет.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б. Тоқсан толғау (Н. Төрешұлымен бірге), А., 1992; Жүз жыл жырлаған жүрек, А., 1993; Асыл сөздің атасы, А., 1996;  
**Жамбыл Жабаев. Ұлы дала ақыны** / М. Жолдасбеков. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020. – 224 б.
3. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. — 199 б. – Б. 123.
4. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Екінші том. А: Жазушы, 1980.
5. Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы. –Алматы:. 2011 ж. 9 б.).
6. **Жамбыл Жабаев. Ұлы дала ақыны** / М. Жолдасбеков. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020. – 224 б.
7. Жайлаубай Ж., Естай Қ. Әдебиетіміздің асыл кеңі // Егемен Қазақстан. — 2016. — 19 наурыз — 5-б.

ӘОЖ 1751

## ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

**Қоқанова Әсемгүл Асқарқызы**

[a.kukanova@list.ru](mailto:a.kukanova@list.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің

2 - курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., проф. Жұмағұл Сағымбай Ботпайұлы

Әдебиет - шынайы өмірдің ақиқатпен әрленген сырлы болмысы, ұлттың сан ғасырлық көркем тарихы бейнеленген мұрасы. Қазақ әдебиеті - халқымыздың астарлы ойлары мен шындығын, қиындығы мен арман ниеттерін арқалаған үлкен көш. Әдебиетіміз қысқа уақыт ішінде аса шапшаң жылдамдықпен дамып, кемелденген өнерге сай биік дәрежеге көтеріле білді. Көптеген бағыттағы туындылар жарыққа шығып реализмнің даңғыл айдынына, талай белестерге жетті.

Қазақ әдебиетінде біршама жанрлар туып, әр жанр өзінше көрініс тапты. Поэзия, эпикалық проза, роман ерте кезеңнен бастап түбегейлі зерттеліп келді. Ал драматургия саласына келетін болсақ, дүниежүзі халықтарының драма жанрымен салыстырғанда қазақ драматургиясының дамып, өркендеу жолы сәл артта қалып отырды. Жалпы “драматургия” сөзі қазақ сөз өнерінде неміс, ағылшын, грек, орыс драма жанрымен сәйкес классикалық үлгіде ХХ ғасырдың басында қалыптасты. Қазақ әдебиетінің драмалық шығармаларында көтерілген мәселелер халықтың тұрмыс-салты, әдет -ғұрыптары болды. Беташар, жар- жар, бесік той, бәдік жыры сынды өлеңдер, айтыстар мен жырлар драмалық элементтердің негізі болды. Өз уақытында қазақ жастары ұйымдастырып отырған түрлі әдеби ойын -сауық кештері мен ұлттық ойындар ұлттық сахнаның дамуына септігін тигізді. Қазақ жеріндегі өнер мен драматургияның қарқынды дамуына әкелді. Бүгінде қазақ драматургиясы барлық жағынан дамып келе жатқан ерекше жанр болып саналады. Атақты драматургтердің шығармаларын арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, саралау нәтижесінде бірнеше құнды еңбектер жазылды. Қазан төңкерісінен соң өрлеп, халқымыздың мыңдаған жылдық салт-дәстүрі мен рухы бар фольклорын жандандырған жаңа